

НУУАДБ-ның ата-аналарына арналған ақпарат

Құрметті ата-аналар,

Назарбаев Университетінің (НУ) қоғамдастығына қош келдіңіздер! Менің атым Эрик Венте, мен Назарбаев Университетінің университет алдындағы дайындық бағдарламасы (УАДБ) студенттерінің консультантымын. Біз сіздің балаңызбен жоғары білім ала бастаған кезінде танысқанымызға өте қуаныштымыз. Келесі академиялық жыл студенттер үшін айтарлықтай өзгерістер кезеңі болады және осы тәжірибенің арқасында олар өздерінің жеке және зияткерлік қасиеттерін дамыта алады. Біздің мақсатымыз – оларға осы жолда жақсы қолдау жүйесін ұсыну.

НУУАДБ-да жұмыс істей отырып, мен барлық студенттерге Университетке оқуға түсер кезінде қолдау көрсету үшін оқытушылармен тығыз жұмыс жасап келемін. Біз студенттерге жаңа академиялық ортаға бейімделіп, сындарлы ойлауға және өмір салтын қалыптастыруға үйренуге көмектесу үшін осындамыз. Сонымен қатар, біз барлық студенттер өздерінің негізгі пәндерімен бірге өтетін "Көшбасшылық негіздері" курсына ұсынамыз. Бұл курс студенттерге Университетте оқып жүргенде ғана емес, болашақта да пайда әкелетін негізгі құндылықтар мен дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Біз студенттерге Университетте білім алу үшін мықты негіз құруда отбасы басты рөл атқарады және көмектесе алады деп сенеміз. Бұл құжат сізді НУУАДБ және Университеттің қолдау жүйесімен таныстыру, сондай-ақ пайдалы кеңестермен, маңызды ақпаратпен және күндермен бөлісу үшін әзірленген. Біз жаңа өмір жағдайларына бейімделу ата-аналарға да, студенттерге де қиын болуы мүмкін екенін түсінеміз және тиімді өзара қарым-қатынас арқылы бұл процесті жеңілдетуге көмектесе аламыз деп үміттенеміз. Бұл жыл қиын болады, өйткені студенттер үйден қашықтықтан күндізгі бөлімде оқитын болады. Оларға оқу, математикалық есептерді шешу, сыни ойлау және жазу сияқты, әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін уақыт қажет. Оқу үшін қолайлы жағдай жасауда сіздің қолдауыңыз өте маңызды және сіздің балаңыздың НУ-дағы жетістіктеріне әсер етеді.

Биылғы жылы Қазақстанда COVID-19 пандемиясымен байланысты проблемалар өзекті болып қалуда және вакцинация науқанындағы үлкен жетістіктерге қарамастан, сабақтар әлі де онлайн режимде қалады. Біз бұл жағдайдың мінсіз емес екенін және студенттер кей кезде қиындықтарға тап болатынын түсінеміз. Алайда, оқытушы-профессорлар құрамы, Университет әкімшілігі, Студенттермен жұмыс жүргізу департаменті, Денсаулық және салауаттылық орталығы және мен сіздің балаңызға көмек қажет болса, қолдау көрсетуге дайынбыз. Біз сізден өз балаларыңызға қажет болған кезде көмек сұрау және туындаған мәселелер туралы айту керектігін түсіндіруіңізді сұраймыз. Қатысқаныңыз және көмектескеніңіз үшін көп рахмет.

Құрметпен,

Эрик Венте, магистр, LPC (Академиялық консультация беру жөніндегі аға оқытушы)



Академиялық күнтізбе

Назарбаев Университеті НУУАДБ АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ 2021-2022 академиялық жыл		
Апта	КҮЗГІ СЕМЕСТР	Күз 2021
1 апта 7 апта 15 апта	Жаңа студенттерді жатақханаға орналастыру және СДД-ның бағдарлау бағдарламасы	9 тамыз 2021 (дс)
	Жаңа студенттерге арналған бағдарлау бағдарламасының басталуы	16 тамыз 2021 (дс)
	Тіркеу мен қабылдаудың соңғы күні	27 тамыз 2021 (жм)
	Сабақтың басталуы	23 тамыз 2021 (дс)
	Мереке күні: ҚР Конституциясы күні	30 тамыз 2021 (дс)
	Күзгі каникул	4-8 қазан (Дс-Жм)
	Регистратор офисіне көктемгі семестрге кесте берудің ішкі дедлайны	Қараша 2021
	Көктемгі семестрге тіркелу	Желтоқсан 2021
	Сабақтың соңғы күні	3 желтоқсан 2021 (жм)
	Дайындалуға арналған кезең	6-8 желтоқсан 2021 (дс-ср)
	Оқытушылардың қорытынды бағаларын тапсыру кезеңі	3-20 желтоқсан 2021
	Мереке күні: ҚР Тұңғыш Президенті күні	1 желтоқсан 2021 (сс)
	Емтихан кезеңі	9-14 желтоқсан 2021
	Жатақханадан шығу	16 желтоқсан 2021 (бс)
	Мереке күні: Тәуелсіздік күні	16-17 желтоқсан 2021 (бс-жм)
Студенттер баға алады	21 желтоқсан 2021	
Апта	КӨКТЕМГІ СЕМЕСТР	Көктем 2022
1 апта 11 апта 15 апта	Жатақханаға орналасу	7 қаңтар 2022 (ЖМ)
	Сабақтың басталуы	10 қаңтар 2022 (дс)
	Мереке күні: Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз 2022 (сс)
	Көктемгі каникул	21-25 наурыз 2022 (Дс-Жм)
	Сабақтың соңғы күні	22 Сәуір 2022 (жм)
	Дайындалуға арналған кезең	25-28 сәуір 2022 (дс-бс)
	Мереке күні: Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	1 мамыр 2022 (жс)
	Емтихан кезеңі	29 сәуір-5 мамыр 2022
	Мереке күні: Отан қорғаушылар күні	7 мамыр 2022 (сенбі)
	Мереке күні: Жеңіс күні	9 мамыр 2022 (дс)
	Жатақханадан шығу	7 мамыр 2022 (сенбі)
	Студенттердің ресми бағдарламаны аяқтау және оқу бітіру күні	7 мамыр 2022 (сенбі)
	Регистратор офисіне бағаларды беру	23 мамыр 2022 (дс)
	Бакалавриат бағдарламасына ауысу процесі	Мамыр 2022
	Регистратор офисіне көктемгі семестрге кесте берудің ішкі дедлайны	Тамыз 2022

	Мереке күні
	Ішкі дедлайндар

Бағдарламаға шолу

НУУАДБ бағдарламасы студенттерге бакалавриат бағдарламалары бойынша одан әрі сәтті оқуға дайындалуға көмектеседі. Бұл бағдарлама нақты дағдылар мен білімдерді шыңдауға бағытталған және студенттерді болашақта бакалавриатта оқуға дайындайды.

Барлық студенттер жыл бойы академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілін (EAP), математика және көшбасшылық негіздерін үйренеді.

Семестрге шолу

Бірінші семестр: * онлайн оқытуға бейімделген. Биыл өз бетінше оқу бұрынғыдан да маңызды болады. Келесі бөлімде әр курстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тәуелсіз сабақ сағаттары жоқ. Біз студенттерімізді көктемгі семестр басталғанда кампуста қарсы аламыз деп үміттенеміз және жаңалықтар туралы барлығын хабардар етеміз.

Курс	Аптасына оқу сағаттарының саны
Академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілі (EAP)	<ul style="list-style-type: none">• 7 семинар, 30 минут (Zoom)• 1 жеке сабақ, 30 минут (Zoom)• 6 онлайн сабақ (Moodle)• үй тапсырмасы (Google Drive)
Математика: анализ бастамасы	<ul style="list-style-type: none">• 2 жазылған дәрістер• 3 семинар, 40 минут (Zoom)• Webwork-та 1 онлайн үй тапсырмасы
Көшбасшылық негіздері	<ul style="list-style-type: none">• 2 семинар, 60 минут (Zoom)• 2 үй тапсырмасы онлайн

Назар аударыңыз:

- Сабақ оқудан басқа, Университетте оқу студенттерден өз бетінше оқуға және зерттеуге де соншалықты немесе одан көбірек сағат жүктемесін талап етеді.

НУУАДБ студенттерге қандай қолдау көрсетеді?

- Жеке тьютор: жыл бойы әр студенттің ЕАР (жазу және оқу) бойынша бір репетиторы болады. Бұл тьютор "дербес тьютор" деп аталады, ол әр апта сайын студентпен жеке сабақтар өткізеді.
- Академиялық қолдау: Эрик Венте НУУАДБ-да оқуға әсер ететін қиындықтарға тап болған кез келген студентке көмектесу үшін тьюторлармен де, оқытушылармен де жұмыс істейді. Эрик студенттерге пәндердің бірінде қиындықтар туындаса, қосымша қолдау көрсетілетініне көз жеткізеді, сонымен қатар оқуға әсер ететін жеке мәселелерге тап болған студенттерге көмектеседі. Сондай-ақ, студенттер Эрикпен бакалавриат бағдарламасына ауысуға байланысты кез келген мәселелерді талқылау үшін кездеседі.
- Алаңдаушылық үшін негіз: Оқу әдеттеріндегі немесе оқушылардың үлгеріміндегі өзгерістерді байқайтын мұғалімдер оларды Эрикке жібереді. Ол әр студентпен жеке кездеседі де, ол және оқытушылар студентке қалай көмектесе алатындығын анықтайды. Қажет болған жағдайда нақты мәселелерді/проблемаларды шешу жоспары жасалуы мүмкін. Эрикке бару студенттің проблемасы бар дегенді білдірмейді. Кездесулер құпия болып табылады, олар студенттің жеке ісіне енгізілмейді және оның бакалавриат бағдарламасына ауысуына әсер етпейді.
- Студенттік өмір: Қаламқас Сағадиева студенттерге студенттік өмірдің жатақхана мәселелері, сабаққа қатысу, стипендия, тамақтану жоспарлары, студенттік клубтар және НУУАДБ-да оқудан тыс өмірінің басқа аспектілері сияқты мәселелерде көмектеседі.
- Көшбасшылық негіздері: Бұл курс барлық студенттер үшін міндетті болып табылады және студенттерге Университеттің талаптарына бейімделуге және оқу және тұлғааралық дағдыларды кеңейтуге көмектеседі.
- Студенттердің денсаулығы және салауаттылық орталығы: психологтар оқуға әсер ететін жеке мәселелерді шешкен кезде студенттердің психикалық денсаулығын қолдауға дайын. Бұл қызмет толығымен құпия және ақысыз.
- НУУАДБ студенттік кеңесі: қызметкерлер мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға және жыл бойы студенттер үшін академиялық және әлеуметтік іс-шараларды жоспарлауға көмектеседі.

"Жеке тьюторлар" деген кім?

Жеке тьюторлар студенттерді НУУАДБ бағдарламасында оқыту процесінде маңызды рөл атқарады. Олар студенттерге мынадай қолдау көрсетеді:

- Әрбір студент жеке тьюторға бекітілген, ол сондай-ақ "академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілі" курсының оқытушысы болып табылады. Оқытушы өз студенттерімен жиі байланыста болады және академиялық үлгерім және/немесе студенттің жеке мәселелері туралы түсінігі бар болады.

- Тьютормен жеке сабақтар аптасына бір рет ұзақтығы 30 минутқа жуық өткізіледі.
- Тьютормен тұрақты кездесулер оқытудың қолайлы академиялық ортасын дамытуға ықпал етеді.
- Бұл студенттерге мұғалімге сұрақтар қоюға мүмкіндік береді және студенттер сабаққа дайындалған, талқыланатын сұрақтарымен келуі керек.
- Тьюторлар студенттердің академиялық жұмысы бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар береді; жұмысты қалай жақсартуға болатыны туралы қосымша түсіндірмелер мен ұсыныстар береді.
- Тьюторлар студенттердің жалпы академиялық үлгерімін талқылайды және оларға НУ-да оқу кезінде түрлі сұрақтар /қиындықтарды шешуге көмектеседі.
- Тьюторлар студенттердің кез келген мәселелерін (академиялық немесе жеке) одан әрі қолдау көрсету үшін Эрик Вентаға хабарлауын қадағалайды.

НУУАДБ студенттерінің стреске ұшырауының ең көп таралған себептері

- Әртүрлі мәдениеттердің өкілдері болып табылатын оқытушыларға және әртүрлі оқыту әдістеріне бейімделу.
- Сыныпта ең жақсы болуға дағдыланғаннан кейін академиялық бәсекелестік көбірек болады.
- Барлық сабақтар мен қарым-қатынас ағылшын тілінде.
- Жұмыс уақытын өз бетінше ұйымдастыру дағдыларының жетіспеуі (әсіресе емтихан өткізу кезеңінде және жұмыстарды тапсыру үшін белгіленген мерзімдерде)
- Отбасының үміттері мен оның тарапынан қысым жасалу.
- Дұрыс тамақтану мен ұйықтау режимін сақтау.
- Ауруларға және денсаулыққа байланысты мәселелерді шешу.
- Пандемиямен байланысты стресс.
- Қашықтықтан оқытуға байланысты достық қарым-қатынастың болмауы.
- Қашықтықтан оқытуға қажетті техникалық құралдармен байланысты проблемалар.
- Оқу үшін үйде тыныш жерді іздеу
- Онлайн оқыту үшін уәждеменің жоқтығы
- Қоғамдық өмірдің (клубтар, қоғамдық іс-шаралар және т.б.) болмауы.
- Covid-19 жағдайына қатысты белгісіздік.

Ата-аналар не істей алады?

- Сабақ басталар алдында балалармен стресс факторларын талқылаңыз (алдыңғы бөлімнен). Осы мәселелерді шешудің стратегиялары туралы сөйлесіңіз.
- Балаңызға оқудан тыс отбасылық проблемаларды артпаңыз. НУУАДБ бағдарламасында оқу - бала үшін тұрақты жауапкершілік.
- Балаңыз үшін үйде оқуға уақыты мен кеңістігі болсын. Бұл барынша сәттілікке әкеледі.
- Тапсырмаларды орындауда соңғы минутқа дейін күтпеу үшін, әсіресе уақытты басқару тұрғысынан тәуелсіз және жауапты болу үшін қажетті дағдыларды талқылаңыз.
- Дұрыс тамақтану және дұрыс ұйықтау ережелерін есте сақтаңыз.

- Академиялық жетістіктерге қатысты үміттеріңізді қайта қарастырыңыз НУ-дағы бәсекелестік деңгейі мектепке қарағанда әлдеқайда жоғары, көптеген студенттердің академиялық үлгерімі өте жоғары.
- Академиялық күнтізбені мұқият оқып шығыңыз және сіздің балаңыз НУУАДБ-да сыныпта болған кезде үйге бармайтынына көз жеткізіңіз.
- НУУАДБ-дан кейін болашақ мамандығы туралы дұрыс шешім қабылдауға көмектесу үшін балаңыздың күшті жақтары мен мүдделерін зерттеңіз.
- Егер қиындықтар туындаса, балаңыздың көмек сұрайтынына көз жеткізіңіз. Ол өзінің жеке тьюторы, Эрик Венте немесе Қаламқас Сағадиевамен хабарласа алады.
- Ең соңғысы, бірақ маңызды болып табылатыны, балаңызды қолдаңыз! Оқу кезінде сіздің балаңыздың көңіл-күйі қалыпты екеніне көз жеткізіңіз және оған жақын екеніңізді және оны қолдауға дайын екеніңізді білдіріңіз.

Алдын ала хабарлау қажет.

Егер сіздің балаңызда: оқу қабілетінің бұзылуы, көру/есту проблемалары, сөйлеу ақаулары, физикалық мүгедектік, медициналық нұсқаулар және басқа да проблемалар болса, бұл туралы НУУАДБ-ға сабақ басталғанға дейін хабарлау өте маңызды.

- **НУУАДБ-ны мұндай проблемалар туралы хабардар ету олардың үлгеріміне немесе бағаларына әсер етпейді.**
- Мұндай мәселелерді бізге жеткізу өте маңызды, сондықтан біздің бағдарлама бойынша оқу кезінде ұлыңызға немесе қызыңызға толық қолдау көрсете аламыз.
- Бізге хабарласыңыз:
 - Академиялық кеңес беру бойынша аға оқытушы Эрик Венте: eric.wente@nu.edu.kz
 - Студенттермен жұмыс жөніндегі менеджер Қаламқас Сағадиева: kalamkas.sagadiyeva@nu.edu.kz